

AFFLUENT САНАТЫНДАҒЫ КЛИЕНТТЕРГЕ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ

Осы Affluent санатындағы клиенттерге банктік қызмет көрсету шарты (бұдан әрі – Шарт) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі – Банк) Affluent санатындағы клиенттер үшін қызметтер көрсетудің стандартты талаптарын айқындайды, тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ өзге де Банк пен Affluent санатындағы клиент арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Affluent санатындағы Клиент Affluent санатындағы клиенттерге Банктік қызмет көрсету шартына қосылу туралы өтініштің (Шартқа №1 қосымша) (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) негізінде Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін. Бұл ретте, Affluent санатындағы Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қойған сәттен бастап Шарт пен Қосылу туралы өтініш бірыңғай құжат болып табылады.

Шартта Affluent санатындағы Клиент пен Банк бірлесіп "Тараптар", ал жеке – "Тарап" деп аталады.

Шарт Банктің www.eubank.kz интернет-ресурсында жарияланған www.eubank.kz.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Шартта және оған қосымшаларда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген терминдер, сондай-ақ келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Негізгі өтініш**- ағымдағы шотты ашуға арналған оферта-өтініш, жинақ шотын ашуға және банк салымын енгізуге арналған оферта-өтініш, әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін ағымдағы шотты/арнаулы ағымдағы шотты ашуға арналған оферта-өтініш, зейнетақыларды/жәрдемақыларды және әлеуметтік төлемдерді/алименттерді есептеу үшін ағымдағы шотты ашуға арналған оферта-өтініш, Төлем карточкасын пайдалана отырып, банктік шот ашуға арналған оферта-өтініш, кредиттік карточканы шығару және оған қызмет көрсету, төлем карточкасын пайдалана отырып, ағымдағы шот ашуға арналған оферта-өтініш, Affluent санатындағы Клиентке ағымдағы/жинақ шоттары және/немесе ашылатын қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде (офлайн) банктік қызметтер көрсету туралы оферта-өтініш төлем карточкалары (дебеттік/кредиттік) шығарылады және / немесе Affluent санатындағы Клиент стандартты талаптарға қосылатын стандартты талаптарда (қосылу шартында) (бұдан әрі – Стандартты шарттар) көзделген қызметтер көрсетіледі. Affluent санатындағы Клиент негізгі өтінішті Банктің бөлімшесінде/филиалында және/немесе ҚБҚЖ арқылы береді;

2) **Жеке менеджер**– Affluent санатындағы клиенттерге қызмет көрсету бойынша міндеттер жүктелген Банктің қызметкері;

3) **Интернет-ресурс** – Банктің www.eubank.kz мекенжайындағы сайты;

4) **Affluent санаты** - Affluent бағдарламасының Клиенттері үшін Банк тарифтерімен белгіленген параметрлерді қанағаттандыратын клиенттер сегменті;

5) **Affluent санатындағы Клиент** – Affluent санатындағы клиенттерге банктік қызмет көрсету шартына қосылған жеке тұлға;

6) **Өкіл** – нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде Affluent санатындағы клиенттің атынан және оның тапсырмасы бойынша операциялар жасауға құқығы бар заңды өкіл немесе тұлға;

7) **Affluent бағдарламасы**– Affluent санатындағы клиенттерге қызмет көрсетудің арнайы бағдарламасы;

8) **Отбасы мүшелері** – ата-аналарын (ата-анасын), балаларын, асырап алушыларын, асырап алынған ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен әпке-сіңлілерін, аталарын, әжелерін, немерелерін қоса алғанда, жұбайлары мен жақын туыстары Шарт мақсаттары үшін отбасы мүшелері деп саналады.

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Шарт талаптары Банктің келесі банктік және консультациялық қызметтер (Бұдан әрі – қызметтер) көрсету бөлігінде Affluent санатындағы клиенттерге (бұдан әрі – Клиент) қызмет көрсетудің жеке тәсілін айқындайды:

- Банк аккредиттеген сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру полистерін сату;
- банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
- қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- Клиенттерге арналған пакеттік ұсыныстар (бар болса);
- Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа операциялар/қызметтер.

1.2. Клиенттердің Қызметтерді алу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Банк жеке менеджердің қызметтерін көрсетеді.

1.3. Клиенттерге арналған Қызметтер тарифтері Банктің Интернет-ресурсында орналастырылады.

1.4. Келесі банктік қызметтер Клиентке Стандартты талаптарға сәйкес Клиенттің Негізгі өтінішке қол қоюы және оны Банк қабылдауы арқылы көрсетіледі:

- ағымдағы / жинақ шоттарын ашу, жүргізу және жабу;
- төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету;
- төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру;
- электрондық банк қызметтерін көрсету.

Құндылықтарды сейфтік сақтау, сейфтерді (ұяшықтарды) жалға беру бойынша қызметтерді көрсетуді Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНК) және Банк Тарифтеріне сәйкес Банк пен Клиент арасында жасалатын жекелеген шарттар/келісімдер негізінде жүзеге асырады.

1.5. Шарт, Стандартты шарттар және оларда аталған қосымшалар Банк Клиенттерге көрсететін қызметтер шеңберінде бірыңғай құқықтық құжатты білдіреді, бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады (егер қосымшаның мәтінінде өзгеше көзделмесе).

1.6. Банк пен Клиент Банктің Шарт, Стандартты талаптар шеңберінде қызметтер көрсетуі және Банк өнімдерін ұсынуы Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Еуразиялық банк" АҚ ішкі нормативтік құжаттары мен Тарифтеріне сәйкес ерікті негізде Шарттың талаптарын, стандартты талаптарды сақтай отырып және Тараптар Банк белгілеген нысандар бойынша қағаз және/немесе электрондық жеткізгіштегі құжаттарға қол қойған кезде жүзеге асырылатындығымен келіседі.

1.7. Ағымдағы/жинақ шоты, төлем карточкасы бойынша талаптардың күшіне ену тәртібі Стандартты талаптармен айқындалады. Негізгі өтініште ағымдағы/жинақ шоты, клиент оны толтырған күнгі төлем карточкасы бойынша талаптар қамтылады. Клиент ағымдағы/жинақ шоты, төлем карточкасы бойынша өзі үшін қажетті талаптарды таңдайды, ал Банк Негізгі өтінішті акцептейді, бұл кейіннен Банктің Клиентпен бірлескен әрекетімен және/немесе тиісті Негізгі өтінішке қол қоюымен расталады. Банк пен Клиент қол қоятын, оның ішінде электрондық жеткізгіштер арқылы жіберілген Негізгі өтінішті Банк акцептеген жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - ҚР МК) 152-бабына сәйкес, яғни жазбаша нысанда ресімделген болып есептеледі. Банк Негізгі өтінішті акцептеген және/немесе оған қол қойған сәтке дейін Клиентке қызметтер көрсетуге және оның алдында міндеттемелер алуға міндетті емес, осылайша акцепт және/немесе оған қол қоюды Банк өз таңдауы бойынша Негізгі өтініштерді жасау күніне қолданылып жүрген Банктің ішкі нормативтік құжаттарының және Тарифтерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады және осы акцептпен және/немесе қол қоюымен Банк Клиентке тиісті банк қызметтерін көрсетуге және/немесе банк өнімдерін ұсынуға өзінің келісімін білдіреді. Банктің ағымдағы/жинақ шоты, төлем карточкасы бойынша қызметтер көрсету тәртібі, талаптары, сондай-ақ Шартта айтылмаған Тараптардың құқықтары мен жауапкершілігі Стандартты талаптармен регламенттелген.

1.8. Қызмет көрсету тәртібі және оларды тоқтату тәртібі Шарттың 2, 3-тарауларында айқындалған.

2. AFFLUENT БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарт шеңберіндегі қызметтер Клиентке және оның отбасы мүшелерінің біріне көрсетіледі.

2.2. Қызмет көрсетудің екінші және кейінгі жылдары үшін Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсету комиссиясының төлемін Клиент төленген кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде жүргізеді. Клиент ағымдағы жыл үшін комиссияны төлеп, осы кезең аяқталғаннан кейін осы тармақта белгіленген мерзімде келесі жылға төлем жасауға міндеттенеді.

2.3. Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсеткені үшін комиссия мөлшері Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған тарифтерге сәйкес белгіленеді. Клиенттерге қызмет көрсету жылы ішінде Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсету комиссиясының мөлшері өзгерген

жағдайда, Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсетудің келесі жылы үшін комиссия оны төлеу кезінде қолданылатын Тарифтерге сәйкес төленеді.

2.4. Клиент немесе оның өкілі қағаз жеткізгіште толтырған және қол қойған Қосылу туралы өтінішті (Шарттың №1 қосымшасы) Банк қабылдаған сәттен бастап Шарт жасалған болып есептеледі.

2.5. Клиенттің отбасы мүшесіне Қызметтер көрсету және оларды тоқтату Клиент қол қоятын және Банк қабылдаған Шарттың №2 қосымшасының нысаны бойынша отбасы мүшесінің Шартқа/Шарттан қосылу/шығару туралы келісім-өтініштің (бұдан әрі – Отбасы мүшесіне арналған келісім-өтініш) негізінде жүзеге асырылады.

2.6. Өтініш-келісімде көрсетілген Клиенттің қосымша отбасы мүшесі/ отбасы мүшесінің өкілі Қосылу туралы өтінішке (Шарттың №1 қосымшасы), Негізгі өтінішке, мемлекеттік сервистерде дербес деректерге қол жеткізуге келісімге, Банк белгілеген нысандар бойынша дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қоюды жеке менеджер мен Клиенттің қатысуымен жүзеге асырады.

2.7. Отбасы мүшесіне арналған өтініш-келісімде Клиенттің бір ғана отбасы мүшесі көрсетілуі мүмкін.

2.8. Клиенттің Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсеткені үшін төлеген комиссиясы Клиент Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда қайтарылмайды.

3. AFFLUENT БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТОҚТАТУ

3.1. Клиенттерге қызмет көрсету келесі жағдайларда тоқтатылады:

– Клиенттің еркі бойынша. Шарттың №3 қосымшасының нысанымен Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсетуден бас тарту туралы өтініш осыған негіз болып табылады;

– Клиенттің Тарифтермен белгіленген параметрлерге сәйкес келмеуіне байланысты (Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсету Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсету комиссиясы төленген кезде жүргізілетін клиенттерді қоспағанда);

– Affluent бағдарламасы бойынша төленген қызмет көрсету кезеңінің аяқталуына және Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсетудің келесі жылы үшін төленген кезеңнен кейінгі алғашқы 14 (он төрт) күнде комиссия төлемінің болмауына байланысты;

– Шарттың 4.1.1-тармақшасының негіздері бойынша, олар туындаған кезде Банк клиентке Шарттың №4 қосымшасының нысаны бойынша Шарттың бұзылуы туралы хабарлама жібереді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банктің құқықтары:

4.1.1. егер Банкке Клиент және/немесе оның отбасы мүшелері туралы келеңсіз болып табылатын, Банк беделіне нұқсан келтіретін немесе өзге де тәуекелдер туғызатын ақпарат белгілі болғанда және келесілермен байланысты бірақ онымен шектелмейтін жағдайларда Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзу:

– Клиент/оның отбасы мүшесі қаржы және/немесе экономикалық қызметке тікелей байланысты Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзуы, Клиент және / немесе оның отбасы мүшесі қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған сот актісінің заңды күшіне енуі;

– Клиенттің / оның отбасы мүшесінің сот талқылауларына қатысуы;

– Қазақстанда аккредиттелген ресми ақпараттық агенттіктер (арналар) берген жаңа қатысушылардың ақшасын тұрақты тарту есебінен Клиенттің /оның отбасы мүшесінің қаржы пирамидаларын, заңсыз казиноларды, діни секталарды және заңнамамен тыйым салынған өзге де ұйымдарды (іс-шараларды) құруға қатысуы туралы хабарламалар бойынша;

– Стандарттық талаптарға сәйкес өзге де жағдайларда;

4.1.2. Клиенттен Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуды талап ету;

4.1.3. егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Шарттың талаптарына, оның ажырамас бөлігі болып табылатын Тарифтер мен өзге де құжаттарды қоса алғанда, Клиенттің алдын ала келісімінсіз біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу. Банк Клиентті өзгерістер туралы Банктің Интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы және/немесе осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Банктің бөлімшелерінде/филиалдарында ақпаратты көрінетін жерге орналастыру арқылы хабардар етеді;

4.1.4. Шарт бұзылған кезде Affluent бағдарламасы бойынша Клиент төлеген қызмет көрсету комиссиясын қайтармау;

4.1.5. Банкте сұратылған құжаттар/ақпараттар болмаған жағдайда, Клиенттің операциясына қатысты қажетті құжаттарды/ақпаратты (оның ішінде банктік құпияны қамтитын) сұрату. Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беруге міндетті.

4.2. Клиенттің құқықтары:

4.2.1. Банктің қызметтерін ҚР заңнамасына және Шарттың талаптарына сәйкес Банк Қосылу туралы өтінішті қабылдаған сәттен бастап пайдалану;

4.2.2. отбасы мүшесін өзгерту немесе Шарттан алып тастау;

4.2.3. Affluent бағдарламасы бойынша қызмет көрсеткені үшін комиссия мөлшері ұлғайған және/немесе қызмет көрсету талаптары өзгерген кезде Банк Клиентке тиісті шешім қабылданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабарлама жібереді. Көрсетілген мерзім Клиентке Банк қарастырған байланыс арналары бойынша хабарлау үшін қолданылады. Бұл ретте өзгерістердің күшіне ену күні Шарттың 8.3-тармағына сәйкес айқындалады.

4.3. Банктің міндеттері:

4.3.1. Шарттың 4.1.3-тармақшасына сәйкес Шарт талаптарындағы өзгерістер / толықтырулар туралы хабардар ету;

4.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, операцияларды жүргізу кезінде банк құпиясын сақтау;

4.3.3. Клиенттің өтінішін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде қарау және жауап дайындау;

4.3.4. Affluent бағдарламасы бойынша ақылы қызмет көрсету кезеңінің аяқталғаны туралы Клиентті Affluent бағдарламасы бойынша ақылы қызмет көрсету кезеңінің аяқталу күніне дейін күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей хабардар ету. Клиентті хабардар ету Қосылу туралы өтініште көрсетілген ұялы телефон нөмірі бойынша жүзеге асырылады, егер Клиенттің ұялы телефон нөмірі қолжетімсіз болған жағдайда, Affluent бағдарламасы бойынша ақылы қызмет көрсету кезеңінің аяқталғаны туралы хабарлама Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің электрондық мекенжайына Стандартты талаптарда көзделген өзге де байланыс арналары арқылы жіберіледі;

4.3.5. Банк пен Клиент арасында жасалған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Шартқа, Стандартты талаптарға, Негізгі өтінішке және өзге де шарттарға сәйкес өзіне қабылдаған барлық өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4.4. Клиенттің міндеттері:

4.4.1. Қосылу туралы өтініште, Негізгі өтініште және Банкке ұсынылатын өзге де құжаттарда дұрыс ақпаратты көрсету;

4.4.2. Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін Банкке қажетті құжаттарды, мәліметтерді ұсыну;

4.4.3. Тарифтерге сәйкес Affluent бағдарламасы бойынша қызмет ақысын уақтылы төлеу;

4.4.4. сұрау салынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банк сұратқан құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну;

4.4.5. өкілеттіктеріне Клиенттің Банктегі шоттарына билік ету немесе Клиенттің атынан операциялар жүргізу кіретін тұлғалар ауыстырылған жағдайда немесе мұндай тұлғалардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, рұқсат етілмеген төлемдер (операциялар) жүргізуді болдырмау үшін, сондай-ақ қажет болған жағдайда Банк хабарлама жібере алатын мекенжайы, ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда - бұл туралы Банкке, оның ішінде жеке менеджерге осындай өкілеттіктер өзгерген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарлау;

4.4.6. Қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректердің, байланыс ақпаратының және деректемелердің өзгергені туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өзгерістер енгізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда Банкке хабарлау;

4.4.7. Клиент жауапкер ретінде қатысатын барлық сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Клиентке үшінші тұлғалар тарапынан қойылатын мүліктік сипаттағы барлық наразылықтар (талаптар) туралы Банкті жазбаша түрде дереу хабардар ету.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Шарттың талаптарын бұзған кезде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады. Бұл ретте Банктің жауапкершілігі келтірілген тікелей залал сомасымен шектеледі.

5.2. Клиент/оның отбасы мүшесі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзі жасайтын операциялардың заңдылығы үшін, сондай-ақ Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін жауапты болады.

6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

6.1. Шартта реттелмеген барлық мәселелер Стандарттық талаптарға және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес реттеледі.

6.2. Тараптар арасында туындаған барлық даулы мәселелер, өзара мүдделерін ескере отырып, келіссөздер арқылы шешіледі. Даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде материалдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттың шешіміне беріледі.

6.3. Банк осы Шартты орындау барысында Клиент пен үшінші тұлғалар, оның ішінде сауда және/немесе сервис кәсіпорындары, қосымша төлем карточкаларды ұстаушылар арасында туындайтын барлық даулар бойынша жауапкершілікте болмайды.

7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

7.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны еңсерілмейтін күш мән-жайларының, атап айтқанда: өрттің, су тасқынының, жер сілкінісінің, дауылдың, індеттің, әскери іс-қимылдардың және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына тікелей әсер еткен немесе Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі болмаған басқа да оқиғалардың салдары болып табылса, Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе олардың алдын ала алмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тараптың Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындау мерзімдері еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету ұзақтығына шамалас уақытқа шегеріледі.

7.2. Тараптар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының бір немесе екі Тарап үшін Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін шешімдерінің салдары үшін жауапты болмайды.

7.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмайтын Тарап форс-мажорлық мән-жайлар басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық байланыс арналары және/немесе жазбаша нысанда екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Клиент Шартқа қосылған күннен бастап Шарт Тараптар үшін міндетті болады және белгісіз мерзімге қолданылады. Тараптар Шарт, Стандартты талаптар бойынша өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін Тараптар шартты бұзуы мүмкін.

8.2. Шарттың, Стандарттық талаптардың қолданылуы Шартта, Стандарттық талаптарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, оның ішінде Клиенттің бастамасы бойынша оның Банкке ұсынылған/жіберілген өтініші негізінде Шарт, Стандарттық талаптар (олар болған кезде Шартты, Стандартты талаптарды тоқтатуға жол берілетін жағдайлардан басқа) бойынша орындалмаған міндеттемелер және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартты, Стандарттық талаптарды тоқтатуға жол берілмейтін негіздер болмаған кезде тоқтатылады.

8.3. Банктің Клиентке хабарлаған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Клиенттің Шартқа енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Клиенттің Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, тұтастай Шартқа қосылуын растайды.

8.4. Егер Банкте Клиент қол қойған/жасаған Қосылу туралы өтініш және Негізгі өтініші немесе Клиенттің Банкпен жасаған өзге де құжаты болса, Клиент Шартта, Стандартты талаптарда оның қойылған қолының болмауын Шарттың, Стандартты талаптардың

оқылмағанының/түсінілмегенінің/қабылданбағанының дәлелі ретінде сілтеме ретінде қолдануға құқығы жоқ.

8.5. Қосылу туралы өтінішке қол қою, Негізгі өтінішті жасау арқылы Клиент Шартта көрсетілмеген қызмет көрсету жөніндегі барлық ережелер Стандартты талаптармен реттелетініне келіседі.